

**Ерланқызы А.,\* Амирова Г.О, Мирзамсеитова Г.Е.**  
магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ – АЗАТТЫҚ БАСТАУЫ**

Автор корреспондент: [araika\\_191092@mail.ru](mailto:araika_191092@mail.ru)

**Түйін:** Төл тарихымыздағы іргелі мәселелердің бірі – Алаш қозғалысы мәселесі. Әсіресе кеңестік тоталитарлық билік тұсында барынша бұрмаланып келген бұл тақырыптың жаңаша көзқарасты, жан-жақты зерттеуді қажет ететіні анық. Шындығында ХХ ғасырдың бірінші жартысы аса күрделі, қарама-қайшылықтары толы кезең болғандықтан да көптеген зерттеушілердің назарын аударуға түсуде. Сондықтан да біршама уақыт сталинизм – ленинизм идеяларының тасасында қалып қойған бұл тақырыпқа қайта оралу, Алаш қозғалысының шынайы бағасын беру аса маңызды деп білеміз. Алаш қозғалысы сияқты ұлт тарихындағы аса ірі оқиғаға қатысы бар мәселелердің барлығына шынайы, толымды баға берілуі қажет. Осы ұлт-азаттық қозғалысының әлі де ғылыми тұрғыдан мейлінше нақтыланбаған негізгілерінің қатарынан орын алатын үш мәселеге тоқталмақпын. Олар: қозғалыстың басталған уақыты және сол бастапқы кезеңге енетін оқиғалар, «Алаш қозғалысы». Қозғалыстың бастауы туралы айтқанда, ең алдымен, Алаш қайраткерлерінің өз еңбектеріне үңілгеніміз жөн.

**Кілттік сөздер:** Алаш автономиясы, Алаш қозғалысы, Алаш партия, Алаш арыстары, ұлттық сана-сезім, ұлт тағдыры, ұлттық мүдде, дербес мемлекет, Алаш ұраны.

Алаш қозғалысы – ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі отарлық билік жүйесіне ашық қарсылық көрсеткен қозғалыс болатын. Ұлттық мүддеге қызмет ететін мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып түптің түбінде дербес мемлекет құру, атамекенімізге ішкі Ресейден келімсектердің қоныс аударуына қарсылық көрсету, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, өнеркәсіпті дамыту арқылы нарықтық қатынастарға жол ашу, демократиялық принциптерді ұстана отырып, ұлттық мәдениетті, оқу жүйесін өркендету, әсіресе, төл тілімізді өз тұғырына шығару- барша Алаш қайраткерлерінің де асыл арманы еді. Міне осы ортақ мақсат, ұлт мұраты жолында ат төбеліндей зиялыларымыз ұйысып, ортақ мәмілеге келіп, нәтижесінде қазақтың тұңғыш «Алаш» ұлттық – демократиялық партиясы (1917-1920) тарих сахнасына шықты. Әдепкіде сонау 1905 жылдары Мемлекеттік Дума құру жөніндегі патша манифесінде қазақ елінен де депутат сайлау құқығы берілсе, 1913 жылы «Айқап» журналын ұлт мұраты жолында насихат құралына айналдыра білген М.Сералин бастаған зиялыларымыздың да жалпықазақ съезін шақыру туралы бастама көтергені тарихтан белгілі. Дегенмен Ақпан төңкерісінен кейін 1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Орынборда өткен жалпықазақ съезінде қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе күн тәртібіне қойылып, осы жылдың қазанынан партияның облыстық ұйымдары құрыла бастады. Бұл алғашқы ұйымдар алдымен Семейде, Омбы мен Орынборда ашылса, кейіннен осынау жергілікті ұйымдар партияның негізгі тірегіне айналды, ұлттық мәселелерді талқылауға барынша мүдделілік танытты. Тіпті Бүкілресейлік құрылтайға депутаттар сайлау барысында да Алаш партиясы басым дауысты иеленіп, Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы бастаған ұлт ұстаздары саяси күреске белсене араласты. Ұлт мүддесі жолында басын бәйгеге тіккен Алаш қайраткерлері осы 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен II Жалпықазақ съезінде Алаш автономиясын жариялап, Алашорда деп аталатын Ұлт кеңесінің құрамы сайланып, Алашорданың төрағалығына Ә.Бөкейханұлы бекітілді. Бұл турасында Алаш қайраткері Әлейханның өзі « Мен кадет партиясынан неге шықтым ?» атты белгілі мақаласында:[1] «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің, қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келді.

Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз алаш ұранды жұрт жиналып, ұлт

автономиясын тікпек болдық» - деп өз ұстанымын анық аңғартып, ұлтына, жұртына қызмет етудің білімнен емес, мінезден туындайтындығын тағы да бір мәрте дәлелдеп берді. Шындығында «Ақ болсын, қызыл болсын, маған бәрі бір. Мен қазақ мүддесін көздейтін үкіметті ғана жақтаймын» деген Алаштың Ахметі де «Автономия алу – мемлекет болды дегенмен бірдей» деген М.Дулатұлы да, орыс тәрбиесін алған баланың ұлт қызметкері бола алмайтынын баса айтқан Жүсіпбек те, тапқа, жікке бөлінбей, Қазақ автономиясын өміршең етудің маңыздылығына тоқталған.

Жаһанша Досмұхамедұлы да «Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбеуге» бекініп, бар күш-қайраты мен ерік-жігерін ұлт келешегі үшін сарп етті, өз ұстанымдарынан айнымады. Нәтижесінде жеке бастарының мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қойған зиялыларымыз ымыраға келіп, ІІ жалпықазақ съезі милиция жасақтарын құру мәселесін де жан-жақты талқыға салып, Алаш автономиясына кіретін әрбір облыс пен уездердің санын анықтады.

Былайша айтқанда тәуменді тұлғаларымыз Алаш автономиясын, қазақ мемлекеттігін сақтап қалу үшін жанталаса күрес жүргізді. Алашорданың Батыс бөлігінің Мәскеуге делегациясы сәтсіз аяқталған соң (Мәскеудегі орталық Алашты автономия деп танудан бас тартты), Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейханұлы 1919 жылдың басында Омбыда Колчактан көмек сұрауға барғанында, Алашорда өкіметіне бағынышты әскердің құрамын, тұрған жерін, санын айтты. Солардың ішінде Жетісу майданында-700 адам, Троицкіде-540 адам, Орал облысында 2000 адамнан құрылған 2 әскер полкі құрылғанын көреміз. Дегенмен Колчак та қазақ автономиясын мойындаудан бас тартқан соң, Алашорда үкіметінің басшылары Кеңес үкіметімен келісімге келіп, А.Байтұрсынов 1919 жылы 24 шілдеде Кирревкомның мүшесі болып, В.И.Лениннің қолынан мандат алды [2].

Дегенмен кеңес үкіметі Алаш автономиясы мен оның үкіметін күштеп таратты. Өйткені ХХ ғасырдағы қазақ ұлтшылдығын қалыптастырған бұл партияның «Қазақ» газетінде «Алаш партиясы» деп бас мақала жариялап онда: «Партия ұраны десек бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз», - деп бабалар аманатына адалдық танытуы, осы газетте басылған өз бағдарламаларында: «Алаш» партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады... Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен салынады. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевиктік тобының программасын жақтайды» деп өз ұстанымдарын ашық білдіруі, қала берді осы газетте 1917 жылы басылған бір мақаласында М.Дулатұлының: «Ресейде саяси партиялар көп, бірақ олардың біреуінің бағдарламасы біздің халқымыздың мүддесіне сай келмейді. Бізге тура қазіргі тарихи кезеңдегі негізгі мүддемізді, қазақшылығымызды білдіретін, соны қорғай алатын саяси партия керек, оның негізінде ұлт өмірі жатуы керек» - деген батыл байламы әкімшіл-әміршіл жүйеге әрине ұнаған жоқ. Себебі «халықтар достығын» бетперде еткен атеистік кеңестік саясаттың көздегені мүлде басқа тұғын [3].

Сол себепті де 1918 жылы наурызда Жалпықазақ съезінің шешімдерін алып Ленин мен Сталиннің қабылдауында болған Халел мен Жаһанша Досмұхамедұлдарына кеңестік билік «Сіздер біздің кеңестік үкіметтің, Ресей халықтарының декларациясын мойындасаңыздар, біз сіздерді мойындаймыз» деген шарт қойды.

Алайда кеңес үкіметі өзінің алғашқы қалыптасу кезеңінде саяси ауыр жағдайларға тап болып отырғандықтан, алашшылдармен амалсыз мәмілеге келіп, кейіннен «жергілікті жерде Кеңес үкіметі билігі ғана болуы керек» деп ұлттық мемлекетті мойындаудан үзілді-кесілді бас тартты. Қалай дегенде де «Алаш» партиясының бағдарламалық жобасында мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық дін ісі, билік хәм сот, елін қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету және жер мәселесі секілді қадау-қадау мәселелерге басымдық беруі жайдан-жай емес. Өйткені алашордашылардың түпкі мақсаты, арман-аңсары біртұтас қазақ мемлекетін құру еді. Осы мақсатты олар саяси қызметімен қатар ағартушылық, қаламгерлік қызметтерінде де кеңінен көрсете білді.

Бір ғана «Қазақ» газетінің өзі ұлт-азаттық қозғалысы идеясының елді оятуы үшін көп

еңбек сіңірді, оның азаттық үшін күреске ұласуына да мейлінше ықпал етті.

Біздіңше М.Әуезовтың «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, еркін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» деуі де осыдан болса керек.

Академик Серік Кирабаевтың сөзімен айтқанда «Ахмет пен Міржақып идеясы елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алып кетті. С.Торайғырқылы, М.Жұмабайұлы, С.Дөнентайұлы, М.Сералин, С.Көбейұлы, Ж.Аймауытұлы, Б.Майлин, М. Омарханұлы сияқты бірін-бірі толықтыра шыққын жастар тобы әдебиетінің жанрлық, тақырыптық ізденістерін байытып, қазақ халқы өмірінің шығуын кең көлемде бейнелеуге жетті. Елдің артта қалушылығын сынап шеней отыра, отаршылдық езгіге қарсы үн көтерді, тәуелсіздіктің туын биік ұстауға тырысты[4].

Осылайша Алаш қайраткерлері ұлттық рухты, гуманизм мен демократиялық көзқарастарды, отансүйгіштік идеяларын талмай жырлады.Тіпті сол 1918 жылдың 4-9 қаңтарында Түркістанда өткен Сырдария облысы қазақтарының съезінде Түркістан тұрғындарын бұл қозғалысқа қосу мәселесі де көтеріліп, бұл жайында «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Алаш һәм Түркістан» мақаласында:« Съезде Алашқа қосылмаймыз деген шешім болған жоқ, кәрі-жас, қарасы-төресі, байы-кедейі бірауыз болды»- деп жазылғанының өзі көп нәрсені аңғартатындай[5].

Сондықтан мұнан еліміздің біртұтастығы идеясының кеңестік тоталитарлық жүйенің жемісі емес екендігін көруге болады. Ал бұл міндетті жүзеге асыру барысында «Қазақ» газетінің рөлі орасан зор болды. Сондықтан «Қазақ» газетін, ондағы Алаш көсемсөзін бұл қозғалысты мейлінше зерттеп-зерделеуде басты дереккөздердің бірі ретінде пайдалансақ, ұтарымыз көп болмақ. «Қазақ» пен «Серкенің» қазақ өркениетін өрге сүйрегенін де бүгінде ешкім жоққа шығара алмайды. Олай болса белгілі ғалым Қайрат Сақтың бұл туралы білдірген:«... Көзсіз еліктеу түбі-өкініш. Алаш публицистикасы- қазақ көсемсөзінің дінгегі. Алаш баспасөзі- қазіргі Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарына үлгі. Оны теориялық жағынан тарата талдау, дәйекті тұжырым түйю, дәлелді байламдар жасау-уақыт талабы»[6],-деген орнықты пікірімен толық келісуге болады деп білеміз. Өйткені алаш мұрасын талдап-таразылау қазақ көсемсөзінің табиғатын ашуға септесіп қана қоймайды, Алаш қозғалысының да ұлы мұратын ұрпаққа дұрыс жеткізуде басты темірқазық бола алады. Сол себепті де кеңестік билік Алаш үкіметінің еркін қимылдауына еш мүмкіндік бермеді. Алаш қайраткерлері де барынша кеңес үкіметіне қарсы күресіп, 1917 жылдың 10 желтоқсанында «Южный Урал» (Орынбор) газетінде жариялаған үндеуінде В.И.Ленинді, оның атеистік билігі мен партиясын демократиялық принциптерді аяқ асты етушілер ретінде айыптады.

Соңғы жылдары Алашорда үкіметін құру жөнінде де, қазақ-қырғыз съезінің әлеуметтік құрамы жөнінен де шындықтан алыс жаңсақ пікірлер айтылып қалып жүр. Бір анығы сол-тұтас халқымыз да ұлт мұратын ұлықтағандарды барынша қолдады. Мәселен, М.Қойгелдиевтің жазуынша «Алаш» басшылары ұлттық автономия жариялаудан басқа жол жоқтығын түйсініп, нар тәуекелге барған. Тарихи деректерге жүгінсек, қарашада өткен Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында Қазақстаннан депутаттар сайлау барысында ең көп дауыс алған партиялар арасында Алаш партиясы да болды. Айталық Жетісу облысында тұрғындардың -57.5%-ы, Семей уезінде -85.6 %-ы, Торғай және Орал губернияларында сайлаушылардың 75%-ы Алаш партиясы өкілдеріне дауыс берген[7].

Демек Алаш арыстары халқына адал қызмет етті, Алашорда идеологиясы большевизмнен жеңіліс тапқан жоқ. Керісінше Алаш қозғалысы ұлт рухының жаршысы болса, Алаш баспасөзінің қарашаңырағы іспетті- «Қазақ» газеті қазақ баспасөзінің көшбасшысы болып қана беретіні айдан анық деп білеміз. Сондықтан мен ойымды түйіндей келе кешегі тарихты бүгінгі ұрпаққа жеткізу –ұлт болашағын қамтамасыз етудегі басты парызым.Ал Алаш қайраткерлері өздерінің тарихи миссиясын мінсіз атқарды, біз де

олардың аманатына адалдық танытып, бар күш-жігерімізді ұлтымыздың рухани жаңғыруына жұмсауымыз керек. Олар аяқтай алмай кеткен істі біз аяқ тауымыз керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Алаш қозғалысы // Құжаттар мен материалдар жинағы , Алматы 2015 46 б
2. Аманжолов К, Тасболатов А, Қазақстанның әскери тарихы. Алматы 1999.181-182
3. Алаш қозғалысы // Аңыз адам №24 Алматы 2014. 10б.
4. Қирабаев С. Алаш орда және қазақ әдебиеті // Егемен Қазақстан 2007 жыл 7 қараша.
5. Тұрсын Х. Әлиханнның Түркістанға қамқорлығы // Оңтүстік Қазақстан № 4 2017 10 қаңтар.
6. Сақ Қ. Алаш мұрасы Алматы // 2014 13б.
7. Қойгелдиев М.К. Ұлттық саяси элита. Алматы // 2004. 173б

**Аннотация:** В данной статье предпринята попытка исследования истории формирования Алашского движения, показаны ее истоки роль и место в Отечественной истории казахского народа. В данной статье отмечено, что политическая программа партии «Алаш» в области национального и конфессионального вопросов была достаточно разработанной, радикальной и прогрессивной, в определенной мере отвечавшей национальным чаяниям казахского народа. Четкая проработанность данных вопросов обуславливалась тем что в составе партии было много людей с исследовательским, аналитическим складом ума и хорошей научной подготовкой.

На наш взгляд основной причиной, которая не позволяла партии «Алаш» полностью поддеожать белогвардейцев, была откровенно шовинистическая линия последних, направленная на восстановление единой и неделимой России, без всяких перспектив для национальной автономии казахов. С другой стороны, интернационалистическая риторика большевиков также пугала представителей казахского национального движения. Именно этим во многом объясняется тот факт, что «Алаш» как выразитель национальных интересов не нашел места в социально-политической жизни советской России. Но надо отметить, что многие видные представители этой партии в 1920-е годы смогли само реализовать в научном и общественном плане.

**Abstract:** This article makes an attempt to study the history of the formation of the Alash movement, its sources and role in the domestic history of the Kazakh people are shown. This article notes that the political program of the Alash party in the field of national and confessional issues was sufficiently developed, radical and progressive, to a certain extent consistent with the national aspirations of the Kazakh people. A clear elaboration of these issues was due to the fact that the party included a lot of people with a research, analytical mindset and good scientific background. In our opinion, the main reason that did not allow the Alash party to fully support the White Guards was the frankly chauvinistic line of the latter, aimed at restoring a single and indivisible Russia, without any prospects for the Kazakh national autonomy. On the other hand, the internationalist rhetoric of the Bolsheviks also scared the representatives of the Kazakh national movement. This largely explains the fact that Alash, as an expression of national interests, did not find a place in the socio-political life of Soviet Russia. But it should be noted that many prominent representatives of this party in the 1920s were able to realize themselves scientifically and publicly.